

АКТӨРЕ  
БЕКТҰРҒАНОВ

Үрпақтар  
саңақтастығы

УДК 94(574)  
ББК 63.3(5Каз.)  
Б42

Б42      Ақтөре Бектүрғанов  
        Ұрпақтар сабақтастығы. Бура Қоралас шежіресі.  
шежіре/ – Алматы: «Балауса» баспасы, 2023. – 156 бет.

ISBN 978-601-7088-00-2

Жинаққа Шымкент өңіріндегі және Жамбыл облысы, Меркі ауданындағы Бура Қораластар шежіресі және Меркінің тарихи төрінен орын алатын тұлғалар және соғыс және тыл еңбеккерлері, ғылымның әр түрлі саласымен айналысқан ұстаздар және батыр аналар туралы суреттемелер, өмірбаяндар топтастырылған.

УДК 94(574)  
ББК 63.3(5Каз.)

ISBN 978-601-7088-00-2

© Бектүрғанов А., 2023



AnyScanner




## АЛҒЫСӨЗ

«Адам өзі мың жасамайды, үрпағымен мың жасайды», – деген сөздің астарында үрпақ арқылы адамзаттың өсіп-өніп, өркен жаятынының дәлелі жатыр.

Қазақтар үшін ата-бабаны қастерлеу – рухани өмірдің маңызды бөлігі. Қариялар күнделікті дастархан басында, жиын-тойда шежіремен таныстырып, жастардың санасына сіңіру үшін ата-баба ерлігін, рудағы белді азаматтардың оқиғаларын айтып беріп отырған. Сол арқылы үрпақ сабактығы мен өзара сыйластық орнатқан. Баланың тілі енді шыққан сәттен бастап руын айтқызып, мектеп жасына келгенде жеті атасын үйреткен.

Шежірені, ата-баба тарихын білу арқылы халқымыз қателіктерден сабақ алды. Өйткені, болашақты болжau үшін өткенге қарау маңызды. Ата-бабаны ұлықтау – өткеніңмен мақтану емес, ең алдымен, өз халқына, ұлтына деген қамқорлық пен жанашырлық. Қолымызға тиген жас ақын Ақтөре Бектұрғановтың «Үрпақтар сабактастығы» еңбегі Ұлы жүздің Дулат руынан тарайтын 12 арысқа бөлінетін Қоралас үрпақтары шежіресіне арналған еken. «Қораластың он екі арысы» аталатын үрпақтар тізімнің алғашқы легінен мемлекет және қоғам қайраткері Мәсімхан Бейсебаев, журналист, жазушы Кәдірбек Амангелдиев, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеев, филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашев, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Жұмағали Оспанбаев, білім саласын басқару ісінде өзіндік



қолтанбасын қалдырган Болысбек Көкірекбаев сынды елге танымал тұлғалар есімін байқауымызға болады.

Ұрпақтар сабактастырын ұлықтауға лайықты үлесін қосып, оқырман жүрегіне жылы шуақ сыйлаған, ататек шеңжіресін жазып, туыстық қатынас жайлы мәлімет ұсынған Ақтөре Бектұрғановтың еңбегіне шын ықыластық ниет білдірдік. Ел алдында жүрген аталарын ардақтап, кейінгі ұрпаққа ерен еңбектерін ұлғі етіп, жинақтап беруі Ақтөренің жас та болса еңбекқорлығын танытады. Бұрынғылардан

қалған «Жеті атасын білмеген ұл – жетесіз», «Жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер, өзін ғана білген ұл – құлағы мен жағын жер» деген нақыл сөздер тәлім-тәрбие көрген осындағы ұрпаққа байланысты айтылса керек.

Шежіре жинақ барша оқырман қауымға арналғандықтан, аталас ұрпаққа ғана емес, қаным қазақ, жаным қазақ деген күллі қауым жүрегіне жол табары сөзсіз.

**Римма Серікқалиқызы,**  
**филология гылымдарының кандидаты,**  
**қауымдастырылған профессор**